

Сарбие ауылдық округінің елді мекендерінің көшелеріне атау беру туралы

Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Сарбие ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 2 қыркүйектегі № 7 шешімі. Ақтөбе облысы Ойыл аудандық Әділет басқармасында 2011 жылғы 13 қазанда № 3-11-95 тіркелді.

Ескерту. Шешімнің орыс тіліндегі 1, 2 тармақтарындағы "аула" сөздері "села" сөздерімен ауыстырылды, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді - Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Сарбие ауылдық округі әкімінің 29.03.2017 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 08 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрлысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес және ауылы тұрғындарының пікірлерін ескере отырып, Сарбие ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда - Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Сарбие ауылдық округі әкімінің 21.09.2018 № 07 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Сарбие ауылының көшелеріне келесі атаулар берілсін:

- 1) Бейбітшілік
- 2) Жекенді
- 3) Астана
- 4) Ақтөбе
- 5) Құрманғазы
- 6) Махамбет
- 7) Жастар
- 8) Әйтеке би
- 9) Ә.Молдағұлова
- 10) Желтоқсан
- 11) Жеңіс
- 12) Исатай

2. Қаракөл ауылының көшелеріне келесі атаулар берілсін:

- 1) Абай

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК